

КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы

Академиялық дәрежесі – 5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім бакалавры

1 курс 4ж.

№ п/п	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Негізгі бөлімдер	Қр. сан ы	С е м.	Пререкви зиттері	Пострекви зиттері	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері)
1 курс 4жылдық								
1	Математика негіздері	Математиканың негіздерінің пәні, міндеттері, ұстанымдары және әдістері. Математика – құрылымдар, кеңістіктік формалар және сандық қатынастар, логикалық конструкциялар туралы ғылым. Математикалық теорияның: жиындардың, графтар мен комбинаториканың, ықтималдықтар мен математикалық статистиканың, логика мен сәйкестіктердің, алгоритмдердің элементтері. Санау жүйелері және $Z_0=No$ жиынындағы бөлінгіштік қатынастар; математикалық жаттығулардың жүйесі (есеп және оны шешу үдерісі, мысалдар; қызықты, ойын түріндегі және стандарт емес тапсырмалар).	Бастауыш мектеп математикасының негіздері-ғылым және оқу пәні. Жиындар және оларға амалдар қолдану. Графтар теориясының элементтері. Сәйкестік, түрлері және қасиеттері. Комбинаторика элементтері. Ықтималдықтар теориясының элементтері. Математикалық статистиканың элементтері. Математикалық алық тұжырымдар, түрлері. Алгоритмдер, түрлері және қасиеттері. Сандар жиынын құрудың теориялық-жиындық жолдары. Санау жүйесі. Сандар жиынындағы бөлінгіштік қатынас.	3	1	мектеп математика курсы	математиканы оқыту-1, математиканы оқыту-2.	Күтілетін нәтижелер: - математика негіздерінің ғылым және оқу пәні ретіндегі нысаны, пәні, міндеттері мен зерттеу әдістерін; - математикалық теорияның элементтері жиындар, графтар, сәйкестік, комбинаторика, ықтималдық, математикалық статистика және логика, алгоритмдер, санау жүйелері, бөлінгіштік қатынас, математикалық жаттығулар ұғымдары және олардың бастауыш математикалық білімге кәсіби бағыттылығының сипаттамасын; - жиындарға, пікірлерге және предикаттарға қолданылатын амалдардың мағынасын; - комбинаторлық, ықтималдық және статистикалық талдаудың ережелерін; - жиындар және пікірлер логикасына қолданылатын амалдардың заңдарын; - графтар мен сәйкестіктер, бейнелеулер, қатынастар, орналастырулар, алмастырулар, терулер, математикалық

			<p>Бүтін сандар жиыны. Рационал сандар жиыны. Нақты сандар жиыны. Комплекс сандар жиыны. Математикалық жаттығулар жүйесі. Шамалар және оларды өлшеу. Алгебра элементтерінің теориялық негіздері. Геометриялық элементтерінің теориялық негіздері</p>				<p>тұжырымдар және алгоритмдер, сандау және математикалық жаттығулар жүйелері, бөлінгіштік белгілері түрлерін; - орналастырулар, алмастырулар және терулер (қайталамалы және қайталаусыз) саны туралы формулаларды білуі керек. - жиындарға, пікірлерге және предикаттарға қолданылатын амалдарды орындау; - сәйкестік, бейнелеу және қатынастың графы мен графигін, гистограмма, полигон және диаграмма тұрғызу және бейнелеу; - орналастырулар, алмастырулар, терулер (қайталамалы және қайталаусыз), оқиғаның ықтималдығы санын есептеу үшін формулаларды қолдану; - кез келген негіздегі сандау жүйесінде санды жазу және арифметикалық амалдарды орындау; - практикада бөлінгіштік белгілерін қолдану, сандардың ең үлкен ортақ бөлгіші мен ең кіші ортақ еселігін табу; - комбинаторлық, ықтималдық және статистикалық талдау ережелерін қолдану; жаттығу, мысал, есептерді ажырата білу білігі болуы тиіс. - бастауыш мектеп математикасы оқытып-үйрететін ұғымдар жүйесі мен нысандардың әрекет тәсілдерінің теориялық-математикалық негіздерін құрайтын графтар теориясы, сәйкестік, комбинаторика, ықтималдықтар, математикалық статистика және логика, алгоритмдер, сандау жүйелері, бөлінгіштік қатынас, математикалық жаттығулар</p>
--	--	--	--	--	--	--	--

							<p>жүйесінің элементтері туралы білім мазмұнын;</p> <ul style="list-style-type: none"> - жиындарға, пікірлерге қолданылатын амалдарды, сәйкестік, бейнелеу және қатынастың граф мен графигін, гистограммалар, полигон, диаграммалар тұрғызу және бейнелеуді орындаудың процессуалдық іс-әрекетін; - графтар, графиктер, диаграммалар, гистограммалар және полигондар тұрғызу және бейнелеу тәсілдерін; комбинаторлық, ықтималдық және статистикалық талдау тәсілдері мен амалдарын; - бөлгіштер мен еселіктер табу алгоритмдерін, кез келген негізде сандау жүйелерінде сандарды жазуды меңгеруі тиіс. 	
2	Қызықты математика	<p>Пән зерттеушілік, ізденушілік іс-әрекетке бейімділігін дамыту, оқыту мен тәрбиелеудің практикалық міндеттеріне жүзеге асыру үшін зерттеу әдістерін қолдану іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру; математиканың теориясы және технологиясының көкейкесті сұрақтары бойынша студенттердің білімін тереңдету және кеңейту мәселелерді қарастырады.</p>	<p>Математикалық ұғымдарды және әрекет тәсілдерін оқытып-үйрету әдістемесі. Математиканы оқыту үдерісін және білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру. Математиканы оқытудың білімдік және құзыреттілік нәтижелерін тексеру мен бағалау. Қазіргі математика сабақтарының типтері, түрлері және құрылымы. Математикадан сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс.</p>			<p>Мамандыққа кіріспе, Педагогиканың жалпы негіздері, Тәрбие теориясы, Дидактика</p>	<p>Математика негіздері, Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі, Педагогикалық шеберлік</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқытып-үйрету барысында студент білуі тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әдістемелік ғылымның объектісі, пәні, міндеттері мен зерттеу әдістері, сондай-ақ кіші жастағы оқушыларға математиканы оқыту теориясы мен бағыттары (жалпы білім беретін орта мектептің 12 жылдық оқу мерзімін енгізумен де байланысты) жайлы түсініктері болуы тиіс; - бастауыш сыныптардағы математика курсының құрайтын негізгі ұғымдар мен әрекет тәсілдерінің мазмұнын және оның ішінде бастауыш сынып оқушылары курсы оқып-үйрену барысында меңгеруге тиісті білім, білік және дағдылардың мазмұнын (сонымен бірге олардың өзара байланысын) білуі керек; <p>Білігі болуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бастауыш мектептің математикасы

								<p>курсы мазмұнының нақты мәселелерін оқып-үйрену барысында оқушылардың іс-әрекетін басқаруға жағдай туғызатын әдістемелік тәсілдермен, сондай-ақ болашақ мұғалімнің қазіргі бағдарламамен жұмыс жасау дайындығын сипаттайтын сабақты жоспарлауға, талдауға және өткізуге бастауыш математика курсының мазмұнымен жұмыс істеумен байланысты дидактикалық біліктермен қарулануы тиіс;</p> <p>Дағдысы болуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - математика оқулықтарымен жұмыс істеу барысында өзіндік бағыт-бағдары болуы және ондағы тапсырмаларды тиімді пайдалана алулары тиіс; - оқытудың әр түрлі кезеңдерінде оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін (әдістер, құралдар, формалар) таңдай және негіздей білу; пәндік білім, білік және дағдыларды меңгеру барысында бастауыш сынып оқушылары алдында кездесетін қиыншылықтарды алдын-ала көре білулері керек. <p>Математиканы оқыту әдістемесі бойынша пәндік құзыреттіліктерді сипаттайтын негізгі талаптарға төмендегілерді жатқызуға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - әдістемелік ғылымның нысанын, пәнін, міндеттері мен зерттеу әдістерін біледі;
3	Аспаптық дайындық	Студенттерге қазақтың ұлттық аспаптарынан, аспаптық музыкадағы алдыңғы қатарлы өнер өкілдері мен шығармашылық еңбектерінен, үйреніп	Музыкалық аспаппен танысу. Нота сауаты. Аспапта отыру және қолды дұрыс ұстау қалыбы. Лад және тональдік. Дыбысты шығару тәсілі. Гамма	3	1, 2	музыкалық психология (мектептегі күйзелістер), хормен ән айту тәрбиесі.	кіші жастағы оқушылардың бос уақытында а музыкаме	<p>Күтілетін нәтижелер: ұлттық аспаптардың атаулары, аспаптық музыканың жанрлары мен орындаушылық ерекшеліктері, нота жазбаларын, домбыра пернесіндегі орналасқан музыкалық дыбыстарды, тарихи, тұрмыс-салт, төрт түлік мал,</p>

		<p>тындаған музыканың мазмұнын түсінуден жүйелі білім беру болып табылады. Студенттің болашақ мамандығы бойынша тәжірибелік жұмыстарына қажет болатын аспапта еркін ойнау, нота бойынша бірден оқу, аспапта сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру. Студенттің музыкалық қабілетінің дамуына, шығарманың ырғағын сезіну, ести білу және есте сақтау қасиетін тәрбиелеу. Аспаптық музыканың жанрлары мен орындаушылық ерекшеліктерімен танысу. Мектеп бағдарламасынан балаларға арналған әндер мен халықтық мерекелерге арналған ән-күйлерді өздігінше талдап, аспапта орындай білу.</p>	<p>және этюдтер. Музыканың мәнерлік құралдары. Дыбыспен жұмыс істеу. Ырғақпен жұмыс істеу. Фортопианода әнді ойнап үйрену.</p>			<p>н айналысуын ұйымдастыру, музыка өнері теориясы мен әдістемесі.</p>	<p>табиғат, арнау және аңыз күйлерді білу, халық аспаптық музыкасы арқылы тәрбие беруде домбыра аспабының маңызын білуі керек; өздігінше музыкалық шығармаларды талдап, аспапта орындай білу, мектеп репертуарынан шағын әндерді аспаппен сүйемелдеу, әр дәстүрден күй орындау білігі болуы керек; домбырада ойнау, аспапты меңгеру деңгейінің көлемінде ноталық жазбаларды бірден оқу дағдыларын меңгеруі тиіс. Күзиреттіліктер: кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.</p>	
4	Ритмика	<p>Кәсіби іс-әрекет сипатына сәйкес ритмика пәнінің мазмұнын, теориялық білімі мен негізін, мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру негізі мен әдістерін меңгеруге мүкіндік береді. Музыкалық репертуар. Ырғақ бойынша қолданылатын негізгі би қимылдары. Би қимылдарына жаттығу.</p>	<p>Музыкалық аспаппен танысу. Нота сауаты. Аспапта отыру және қолды дұрыс ұстау қалыбы. Лад және тональдік. Дыбысты шығару тәсілі. Гамма және этюдтер. Музыканың мәнерлік құралдары. Дыбыспен жұмыс істеу. Ырғақпен жұмыс істеу. Фортопианода әнді ойнап үйрену.</p>			<p>Музыкалық психология, музыка өнері теориясы мен әдістемесі</p>	<p>Кіші жастағы оқушылардың бос уақытында музыкамен айналысуын ұйымдастыру</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: ұлттық аспаптардың атаулары, аспаптық музыканың жанрлары мен орындаушылық ерекшеліктері, нота жазбаларын, домбыра пернесіндегі орналасқан музыкалық дыбыстарды, тарихи, тұрмыс-салт, төрт түлік мал, табиғат, арнау және аңыз күйлерді білу, халық аспаптық музыкасы арқылы тәрбие беруде домбыра аспабының маңызын білуі керек; өздігінше музыкалық шығармаларды талдап, аспапта орындай білу, мектеп репертуарынан шағын әндерді аспаппен сүйемелдеу, әр дәстүрден күй орындау білігі болуы керек; домбырада ойнау, аспапты меңгеру</p>

								деңгейінің көлемінде ноталық жазбаларды бірден оқу дағдыларын менгеруі тиіс. Қүзіреттіліктер: кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен пратикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.
5	Хормен ән айту тәрбиесі	Хормен ән айтуға студенттің музыкалық орындаушылық мәдениетін қалыптастыру. Бұл курсты оқытуда студенттің хормен ән айту білігі мен дағдылары қалыптасып, эмоционалды ынтасы белсенді дамиды.	Хормен ән айту тәрбиесі туралы әңгіме. Қазақстандағы кәсіби хор өнерінің қалыптасуы. Ән айту белгілерін тиянақтау. Ноталық сауат. Нотадағы дыбыстардың ұзақтық мөлшері және іркілістері. Ырғақ. Метр. Екпін. Өлшем. Қарапайым және күрделі өлшем, тактілеу. Ән айтуда демді алу тәртібі. Дыбыстар құрастыру және резонировалау. Дыбыстар атакасы. Әуендерді жетектелеу. Динамикалық көркемдік. Әуендердің сөзі мен әуенін жаттығу. Дикция. Әндердің сөзі мен әуенін жаттығу. Әншілікке төселу. Дауыс жаттығу. Дирижелеу. Әуендерді дұрыс айту. Ансамбль. Шығарманы көркемдік жетілдіру.	3	2	«Музыка» курсы бойынша мектеп бағдарламасы деңгейіндегі жеткілікті білім қажет.	Музыкалық тәрбие теориясы, музыкалық аспап	Күтілетін нәтижелер: мектеп әндерін өздігінше талдау үшін ноталық сауаттылық көлемін, хормен жұмыс жасау үшін дирижерлық әдістердің негізін білу; бастауыш сынып репертуарындағы әндерді өздігінше талдап, жаттау арқылы шығарманың көркемдік, құрылымдық және әдістемелік мазмұнын білуі керек; Өз сүйемелдеуімен мектеп әндерін дұрыс орындау. кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен пратикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын менгеруі керек; Қүзіреттіліктер: кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен пратикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.

6	Музыкалық психология (мектептегі күйзелістер)	Мәдени тынығу жұмысын ұйымдастыру жекеше творчестволық жұмыстарды жүргізу барысында конфликтологиялық жағдайлардың алдын алу мен онымен күресу жұмыстарын жүргізу.	Музыкалық аспаппен танысу. Нота сауаты. Аспапта отыру және қолды дұрыс ұстау қалыбы. Лад және тональдік. Дыбысты шығару тәсілі. Гамма және этюдтер. Музыканың мәнерлік құралдары. Дыбыспен жұмыс істеу. Ырғақпен жұмыс істеу. Фортопианода әнді ойнап үйрену.			Хормен ән айту тәрбиесі, музыка өнері теориясы мен әдістемесі	Кіші жастағы оқушылардың бос уақытында а музыкамен айналысуын ұйымдастыру	Күтілетін нәтижелер: мектеп әндерін өздігінше талдау үшін ноталық сауаттылық көлемін, хормен жұмыс жасау үшін дирижерлік әдістердің негізін білу; бастауыш сынып репертуарындағы әндерді өздігінше талдап, жаттау арқылы шығарманың көркемдік, құрылымдық және әдістемелік мазмұнын түсіну. Өз сүйемелдеуімен мектеп әндерін дұрыс орындау. Қүзіреттіліктер: кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.
---	---	--	---	--	--	---	---	--

2 курс

	Жаратылыстану негіздері	Жаратылыстану ғылымдары негіздерінің пәні, міндеттері, ұстанымдары, әдістері және әдіснамалық негіздері. Ботаниканың негіздері. Өсімдік ағзасының құрылымы. Төменгі және жоғарғы деңгейде саналатын өсімдіктердің морфологиясы, систематикасы және экологиясы. Зоологияның негіздері. Бір жасушалы, омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың анатомиясы, физиологиясы, систематикасы және экологиясы.	Жаратылыстану ғылымдары негіздерінің пәні, міндеттері, ұстанымдары, әдістері және әдіснамалық негіздері. Ботаниканың негіздері. Өсімдік ағзасының құрылымы. Төменгі және жоғарғы деңгейде саналатын өсімдіктердің морфологиясы, систематикасы және экологиясы. Зоологияның негіздері. Бір жасушалы, омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың анатомиясы,	2	3	Кіші мектеп жасындағы оқушы физиологиясы және мектеп гигиенасы	Кіші мектеп жасындағы оқушы даму психологиясы	Күтілетін нәтижелер: - өмірдің мәнін, негізгі тіршілік үрдістерінің принциптерін, эволюциядағы адамзаттың рөлін; - адамның базалық қажеттілігі мен мүмкіндігін, биосферадағы дағдарыстық құбылыстармен байланысты адамзаттың даму мүмкіндігін, Жер бетіндегі тіршілікті сақтау және әлеуметтік проблемаларды шешудегі жаратылысғылыми білімнің рөлін; - жаратылыстану дамуының түйінді кезеңі ретінде ғылыми парадигманың ауысуы мен жаратылыстанудағы революция туралы, ғылыми ұтымдылық типінің ауысуын; - қоғам және адам, тірі және өлі табиғат дамуының диалектикалық принципі ретінде синергетика және
--	-------------------------	---	--	---	---	--	---	--

			физиологиясы, систематикасы және экологиясы.					<p>эмбебап эволюционизм принципі туралы білуі керек;</p> <ul style="list-style-type: none"> - элеуметтік қызметті орындау және кәсіби міндеттерді шешу үшін жаратылыс ғылыми мәдениет элементтерін пайдалануды; - жоғары білімді мамандардың мінез-құлқын реттеу жүйесіндегі ғылыми ұтымдылық элементін; - шешім қабылдауда жаратылысғылыми экспертиза жүргізу үшін қажетті ақпараттарды алу ісерліктері бар. - заманауи қоғам проблемаларын шешуде жаратылыстану мүмкіндігін түсінуді; - ҚР мемлекеттік даму стратегиясы тұрғысында жаратылыстану мәдениетінің құндылығын және элеуметтік мәнін түсінуді; - жобалар мен ұсыныстарды, ақпараттық хабарларды бағалау және жаратылыс ғылыми талдау тәсілдері мен дағдыларын; - жаратылыстану дамуының өнімдерімен қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын; - экологиялық зардаптар үшін қабылданған шешімдер мен іс-әрекеттерге элеуметтік және адамзаттық жауапкершілікпен қарауды меңгеруі тиіс.
Бастапқы дүниетану негіздері	Жертанудың және өңіртанудың негіздері. Жердің дамуы мен құрылысының физикалық-географиялық ортақ заңдылықтары. Қазақстан Республикасының тұрғылықты жерлерімен, табиғатымен, тарихымен, тұрғындарымен, шаруашылығымен,	Жертанудың және өңіртанудың негіздері. Жердің дамуы мен құрылысының физикалық-географиялық ортақ заңдылықтары. Қазақстан Республикасының тұрғылықты жерлерімен,			Кіші мектеп жасындағы оқушы физиологиясы және мектеп гигиенасы	Кіші мектеп жасындағы оқушы даму психологиясы	<p>Күтілетін нәтижелер: - өмірдің мәнін, негізгі тіршілік үрдістерінің принциптерін, эволюциядағы адамзаттың рөлін;</p> <ul style="list-style-type: none"> - адамның базалық қажетілігі мен мүмкіндігін, биосферадағы дағдарыстық құбылыстармен байланысты адамзаттың даму мүмкіндігін, Жер бетіндегі тіршілікті сақтау және элеуметтік проблемаларды шешудегі 	

		<p>мәдениетімен, өнерімен және халықтары өмірінің басқа да қырларымен таныстыру.</p>	<p>табиғатымен, тарихымен, тұрғындарымен, шаруашылығымен, мәдениетімен, өнерімен және халықтары өмірінің басқа да қырларымен таныстыру.</p>				<p>жаратылысғылыми білімнің рөлін; - жаратылыстану дамуының түйінді кезеңгі ретінде ғылыми парадигманың ауысуы мен жаратылыстанудағы революция туралы, ғылыми ұтымдылық типінің ауысуын; - қоғам және адам, тірі және өлі табиғат дамуының диалектикалық принципі ретінде синергетика және әмбебап эволюционизм принципі туралы білуі керек; - әлеуметтік қызметті орындау және кәсіби міндеттерді шешу үшін жаратылыс ғылыми мәдениет элементтерін пайдалануды; - жоғары білімді мамандардың мінез-құлқын реттеу жүйесіндегі ғылыми ұтымдылық элементін; - шешім қабылдауда жаратылысғылыми экспертиза жүргізу үшін қажетті ақпараттарды алу ісерліктері бар. - заманауи қоғам проблемаларын шешуде жаратылыстану мүмкіндігін түсінуді; - ҚР мемлекеттік даму стратегиясы тұрғысында жаратылыстану мәдениетінің құндылығын және әлеуметтік мәнін түсінуді; - жобалар мен ұсыныстарды, ақпараттық хабарларды бағалау және жаратылыс ғылыми талдау тәсілдері мен дағдыларын; - жаратылыстану дамуының өнімдерімен қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдыларын; - экологиялық зардаптар үшін қабылданған шешімдер мен іс-әрекеттерге әлеуметтік және адамзаттық жауапкершілікпен қарауды меңгеруі тиіс.</p>
--	--	--	---	--	--	--	--

	Балалар әдебиеті	<p>Пәнді оқыту кезінде студент балалар әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармашылығын, олардың балаларға арналған еңбектерін, зерделенген туындының тектік, жанрлық сипатын, оқылған, талданған шығармалардың атын, жетекші тақырыбын, басты кейіпкерлерін, негізгі мазмұнын біледі. Тақырыбы бір-бірінен үндес шығармалардың кейіпкерлерін, оқиғаларын салыстыра пайымдай алуды, көркемдік, поэтикалық тіл ерекшеліктеріне өзіндік түйсінуді негізінде баға беруді, әдеби шығармашылық жұмыс жүргізуді, кітаппен және кітапханалық анықтама, библиографиялық әдебиеттермен жұмыс істей білуді үйренеді.</p>	<p>Тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. Оларды өзіндік ерекшеліктері. Балаларға арналған ертегілері, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, айтыс өлеңдер, олардың танымдық тәрбиелік мәні. Балаларға арналған батырлар жыры. М.Өтемісұлының балаларға арналған шығармалары. Ы.Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы. Абай және балалар әдебиеті. Ағартушы демократ ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалар. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты шығармалар. А.Байтұрсынұлы-балалар әдебиеті тарихындағы ірі тұлға, аса көрнекті ғалым, ақын, аудармашы. Алаш арыстары (М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы) балалар әдебиетіне қосқан үлесі. Балалар прозасының көрнекті өкілдері (С.Сейфуллин, І.Жансүгіров). Балалар прозасының көрнекті</p>	3	3	Шешендік өнерге баулу әдістемесі, қазақ тілін оқыту әдістемесі, мәтінді тілдік талдау әдістемесі.	Әдебиетті к оқу әдістемесі , балалар әдебиеті.	<p>Күтілетін нәтижелер: балалар әдебиеті көрнекті өкілдерінің шығармашылығын, олардың балаларға арналған еңбектерін, зерделенген туындының тектік, жанрлық сипатын білуі керек; Оқылған, талданған шығармалардың атын, жетекші тақырыбын, басты кейіпкерлерін, негізгі мазмұнын, шығармадағы оқиғаның негізгі ойын, өрбуін, оқиғалардың жалғасуын, шарықтау шегін, шығарманың тақырыбы мен идеясын, оқиғаның қазіргі өмірмен байланысын меңгеруі тиіс.</p> <p>Құзіреттіліктер: риторика, әлемдік классикалық әдебиет пен көркемөнер негіздері жайындағы білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға қабілетті; - адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін <i>меңгерген;</i></p>
--	------------------	--	---	---	---	---	--	---

			өкілдері (Б. Майлин, С.Мұқанов, М.Әуезов). Ұлы Отан соғысы кезіндегі балалар әдебиеті. Қазақ балалар драматургиясы. Қазақ әдебиет сынының тарихы, зерттелуі, дамуы.					
	Қазіргі балалар әдеби үдерісі	Қазақ балалар әдеби үдерісі. Қазіргі қазақ балалар әдебиетіндегі әдеби үдерістің даму ерекшелігі. Қазіргі балалар әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық.	Тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар. Оларды өзіндік ерекшеліктері. Балаларға арналған ертегілері, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, айтыс өлеңдер, олардың танымдық тәрбиелік мәні. Балаларға арналған батырлар жыры. М.Өтемісұлының балаларға арналған шығармалары. Ы.Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы. Абай және балалар әдебиеті. Ағартушы демократ ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармалар. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты шығармалар. А.Байтұрсынұлы-балалар әдебиеті тарихындағы ірі тұлға, аса көрнекті ғалым, ақын, аудармашы. Алаш арыстары			қазақ тілі, қазіргі қазақ тілі негіздері, балалар әдебиеті.	бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологи ясы, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі , әдебиеттік оқу әдістемесі .	Күтілетін нәтижелер: әдеби даму үдерісі, оның өзіндік заңдылықтары, көркемдік тәжірибе дәстүрі мен жаңашылдық мәселелерін көркемдік тұрғыда қабылдай білу. Әр кезеңдегі балалар әдебиетінің негізгі идеясы, танымдық, тәрбиелік, дамытушылық сипаты, қазіргі балалар әдебиетінің негізгі тақырыптарын білуі керек; Әдеби туындының ішкі-сыртқы аспектілерін саралай отырып, түрлі қырынан талдай білуге жаттығу әр кезеңдегі балалар шығармаларының ерекшеліктерін талдап көрсету. Көркем шығармаға әдеби-теориялық талдау жасау, көркем шығарманың танымдық, тәрбиелік сипатын, көркемдік ерекшелігін меңгеруі тиіс. Күзиреттіліктер: риторика, әлемдік классикалық әдебиет пен көркемөнер негіздері жайындағы білімдерін кәсіби қызметінде қолдануға қабілетті; - адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін меңгерген;

			(М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы) балалар әдебиетіне қосқан үлесі. Балалар прозасының көрнекті өкілдері (С.Сейфуллин, І.Жансүгіров). Балалар прозасының көрнекті өкілдері (Б. Майлин, С.Мұқанов, М.Әуезов). Ұлы Отан соғысы кезіндегі балалар әдебиеті. Қазақ балалар драматургиясы. Қазақ әдебиет сынының тарихы, зерттелуі, дамуы.					
	Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі	Тілдік қатынастың ғылыми негіздерімен таныстыру және тілдік қатынасты жүзеге асыру әдістемесін игерту болып табылады.	Тілдік қатынастың теориялық негіздері. Тілдік қатынастың ғылыми негіздері. Сөйлесім әрекеті және оның түрлері. Тілдік қатынастың зерттелу жайы. Тілдік қатынас құралы ретінде пайдалану әдістемесі. Тілдік жағдаят арқылы сөйлеуге үйрету әдістемесі. Тілдік қатынастағы семиотикалық белгілер жәнеым, ишара.	3	4	Қазіргі қазақ тілі негіздері, орыс тілі, оқушылардың физиологиялық дамуы.	Қазақ тілін оқыту әдістемесі, әдебиеттік оқу әдістемесі, жазуға үйрету әдістемесі, оқу мен оқытудағы инновациялық тәсілдеме, кіші жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын	Күтілетін нәтижелер: тілдік қатынастың анықтамасы мен ерекшеліктерін, тілдік қатынас түрлері мен құрамын және кезеңдерін, қатысымдық тұлғаларды және тілді қатысымдық тұрғыда оқыту жолдарын білуі керек; сөйлем түрлерін және оларды дұрыс пайдалануды, қытысым әдісін қолдануды және жағдаяттық тапсырма үлгілерін дайындауды, қатысымдық тұлғаларды сөйлеу үдерісінде орынды пайдалануды, тілдік және коммуникативтік күзіреттілікті менгеруі керек; Қүзіреттіліктер: бастауыш сынып оқушыларына ана тілін оқытуда бастауыш тілдік білімнің теориялық негіздері мен технологиясын <i>меңгерген;</i>

							дамыту.	
	Кіші жастағы оқушылардың бос уақытында музыкамен айналысуын ұйымдастыру	Оқушылардың бос уақытында музыкамен айналысуын ұйымдастырудың теориясынан студенттерге жүйелі білім беру, мәдени даму шараларын ұйымдастырудың жаңа озық үлгілерімен таныстыру және мәдени даму шаралары арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін меңгерту.	Курсқа кіріспе. Мәдени тынығуды ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері. Баланың мәдени-тынығуын ұйымдастырудың қағидалары. Ойын арқылы балалардың мәдени дамуын ұйымдастыру. Мерекелер мен ойын-сауықтар арқылы балалардың мәдени дамуын ұйымдастыру.			Педагогика, дидактика, тәрбие теориясы, балалар психологиясы, жас ерекшелік физиологиясы, аспаптық дайындық.	Этнопедагогика, мектепке дейінгі ұйым аға тәрбиешісінің жұмысы, өзін-өзі тану, мәнерлеп оқу теориясы мен әдістемесі	Күтілетін нәтижелер: кіші жастағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың мазмұны мен жүйесін; тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың формалары мен жолдарын білуі керек; Кіші жастағы оқушылардың бос уақытын музыкамен айналысуына мүмкін ететін тәрбие жұмыстарын жоспарлауды және оларды өткізуді; сабақта қосымша жұмыс түрлерін ұйымдастыруды; пікір айтуды және реферат жазуды; әдістемелік папка жасауды меңгеруі керек; Құзыреттілігі: болашақ маманды бос уақытында музыкамен айналысуын ұйымдастыруға негіз болатын теориялық және практикалық мағлұматтармен қамтасыз ету; кіші жастағы оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың формасы мен ерекшеліктерін игерту; баланың мәдени дамуын мүмкін ететін тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жолдарын меңгерту.
	«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі	Жеке тұлғаның адамгершілік негздерін қалыптастыру, оның рухани жетілуі мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасауда тіректі рөл атқаруға бағытталған, оқу пәні ретіндегі өзін-өзі тану туралы біліммен бастауыш сынып мұғалімдерін қаруландыру.	«Өзін-өзі тану әдістемесі» - ғылым ретінде. «Өзін-өзі тану әдістемесі» пәнінің қалыптасуы мен дамуы және қазіргі мәселелері. Өзін-өзі тану әдістемесі пәнін оқытудың ерекшеліктері. Бастауыш мектептегі өзін-өзі тану жүйесі, мазмұны. Өзін-өзі тану әдістемесін оқытуда субъектілердің өзара	3	4	Педагогикалық мамандыққа кіріспе, өзін-өзі тану, риторика, сауат ашу, бастауыш мектепте тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.	Ұлттық тәрбие, кіші жастағы оқушының сөйлеу мәдениетінің қалыптастырылуы, балалар әдебиеті	Күтілетін нәтижелер: студенттердің бастауыш сыныптарда, өзіндік ішкі әлемін құру және өзінің қайталанбас даралығын саналы ұғыну арқылы, әрбір оқушының өзіндік табиғи қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін ашуға бағытталған, мақсатты бағытталған білім беру үдерісін ұйымдастыру білігін болуы керек; Сабақты жоспарлау, өткізу және талдаумен байланысты дидактикалық біліктерін, сонымен бірге дене шынықтыру

			<p>қатынасы. Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістерінің жіктелуі және олардың сипаттамасы. Тұлғалық дамудағы ойын терапиясы. Мектепте «өзін-өзі тану әдістемесі» пәні бойынша сабақ өткізудің әдістемесі. «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың әдістемелік тәсілдері, формалары және құралдары. Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.</p>				<p>сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін басқарудың әдістемелік тәсілдерін меңгеруі керек; Құзыреттілігі: студенттердің кәсіби іс-әрекетіне бағдар беру, бастауыш сынып оқушыларының өзіндік ішкі дүниесін саналы ұғынуы және өзінің даралығын сезіну</p>	
	<p>Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің тарихы</p>	<p>Курс студенттерді бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің дамуы және негізгі кезеңдерінің қалыптасуымен таныстырады. Студенттер бастауыш мектепте математика курсының мазмұны мен ерекшеліктерін білуі керек.</p>	<p>Әдістемелік-математикалық ғылымның бұлақ бастаулары. Қазақстандағы әдістемелік-математикалық ғылымның қалыптасуы. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың теориясы мен тәжірибесінің 1930-60 жылдарындағы дамуы. 1960-90 ж.ж. кезеңіндегі бастауыш мектепте математиканы оқытудың әдістемесі.</p>			<p>математиканы оқыту әдістемесі.</p>	<p>бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің тарихы, бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы мен технологиясы.</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: курстың объектісі, пәні, міндеттері мен зерттеу әдістері жайлы түсініктері болуы тиіс; - бастауыш математикалық білім беру ісінің ежелгі замандардағы жайы, математиканы оқыту әдістемесінің дамуының негізгі кезеңдері мен озық әдістемелік-математикалық ой-пікірлерге сипаттама бере алуға; бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің пайда болуындағы алғашқы қадамдар жайлы түсініктерін білуі керек; қазақстандағы әдістемелік – математикалық ғылымның қалыптасуы; бастауыш сыныптарда математиканы оқытудың теориясы мен тәжірибесінің 1930-1960 жылдарындағы дамуы; 1960-90 ж.ж. кезеңіндегі бастауыш мектепте математиканы оқытудың әдістемесі; бастауыш мектепте математиканы</p>

								оқыту әдістемесінің жақын және алыс шетелдерде дамуының қазіргі жағдайы туралы меңгеруі тиіс. Күзиреттіліктер: бастауыш математикалық білімнің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін қолдана алады; кіші мектеп жасындағы оқушылардың пәндік біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, бейнелі және логикалық ойлауды дамыту әдістерін қолдануға дайын; математикаға қызығушылығын қалыптастыру және математикалық білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәсілдерін игерген;
	«Жаратылыстану» пәнін оқыту әдістемесі	Болашақ мамандарға бастауыш мектеп балаларын жаратылыстанумен таныстырудың теориялық және әдістемелік мәселелерінен білім беруге арналады.	Бастауыш мектепте «Жаратылыстануды» оқытудың пәні мен міндеттері. Ретроспективадағы жаратылыстану әдістемесі. Жаратылыстану бойынша қазіргі бағдарламалар. Жаратылыстану туралы ұғымдар мен түсініктерін қалыптастыру және дамыту. «Жаратылыстануды» оқытудың материалдық базасы. «Жаратылыстану» пәнін оқыту құралдары. Оқыту әдіс-тәсілдері. Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнін оқытуды ұйымдастыру формалары.	2	4	«Жаратылыстану», «География», «Өсімдіктану», «Жануартану».	Философия. Экология. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары	Күтілетін нәтижелер: бастауыш мектеп балаларын жаратылыстану пәнімен таныстырудың, олардың дамытудағы маңызын саралау; студенттерді түрлі сабақтар типтерін ұйымдастыруға жаттықтыру, жаратылыстанумен таныстырудың әдіс-тәсілдерін білуі керек; бақылау түрлерін оны ұйымдастырудың әдістерін және бақылау нәтижелерін қорытындылауды үйрету, топсаяхатты, серуенді ұйымдастыру түрлерімен әдістерін үйрету, бастауыш мектеп оқушыларының қоршаған дүниені танып білу дағдыларын қалыптастыру жолдарын меңгеруі тиіс. Күзиреттіліктер: бастауыш ғылыми-жаратылыстану білімінің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін қолдана алады, қазіргі әлемдегі экологияның маңызын түсінеді, қоршаған ортаны қорғаудың негізгі ұстанымдарын ұстанады және насихаттай алады, кіші мектеп жасындағы

							оқушылардың ғылыми дүниетанымын <i>игерген</i> ;	
	ШЖБМ-те қазақ тілі мен әдебиеттік оқуды оқыту әдістемесі	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне шағын жинақты бастауыш мектептерде бір мезгілде бірнеше сыныпта сабақ берудің тиімді формаларын, әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдай білуге үйрету.	Шағын жинақты бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні. Шағын жинақты бастауыш мектептердің тарихына қысқаша шолу. Шағын жинақты мектептерде қазақ тілін оқытудың қазіргі жайы. Күнтізбе, сабақ жоспарлары және сабақ кестелерінің құрылымдық ерекшеліктері. Әр сыныппен жүргізілетін өзіндік жұмыс түрлерін жоспарлау және ұйымдастыру. Шағын жинақты бастауыш мектепте байланыстырып сөйлеу жұмысын ұйымдастыру. Мәтіннің негізгі белгілері, құрылысы, түрлері. ШЖБМ-де сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру, сыныптан тыс жұмыстардың түрлері.			Қазақ тілін оқыту әдістемесі, педагогикалық психология, педагогика	Сауат ашу әдістемесі , әдебиеттік оқу әдістемесі , балалар әдебиеті, 12 жылдық бастауыш мектеп үшін оқу пәндерінің ОӘК	Күтілетін нәтижелер: шағын жинақты бастауыш мектептегі қазақ тілі мен әдебиеттік оқуды оқыту жүйесін; «сауат ашу», «әдебиеттік оқу», «қазақ тілі» оқулықтарының мазмұнын; шағын жинақты бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдіс-тәсілдерін; оқыту ерекшеліктерін <i>білуі керек</i> ; Шағын жинақты бастауыш мектепте қазақ тілі мен әдебиеттік оқуды оқытуды жоспарлауды; сабақ кестесін жасауды; бір мезгілде бірнеше сыныппен жұмыс жүрізуді <i>меңгеруі керек</i> ; Қүзіреттіліктер: ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген;
	«Көркем еңбек» пәнін оқытудың теориясы мен әдістемесі	Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіптік деңгейде дайындауда бұл пәннің рөлі мен маңызы өте зор. Ол студенттердің пән бойынша теориялық білімді, практикалық білігі мен дағдысын меңгеруін, оны кәсіби іс-әрекетінде	«Көркем еңбекті» оқыту теориясы мен әдістемесі - педагогика ғылымының саласы. «Көркем еңбекті» оқытудың теориялық негіздері. Материалдарды қолмен өңдеу және бұйым	2	4	жалпы психология, педагогикалық психология, жас ерекшелік психологиясы, педагогика,	бастауыш мектепте бейнелеу өнерін оқыту теориясы мен технологиясы,	Күтілетін нәтижелер: - «көркем еңбектің» мәні мен мақсатын; «көркем еңбекті» оқыту мазмұнын мен жүйесін; «көркем еңбекті» оқулығы мен оқу кешенінің мазмұнын; техникалық еңбекке баулу технологиясын; көркем еңбекке баулу технологиясын; бейнелеу өнерінің негіздерін,

		<p>пайдалануды қарастырады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Көркем еңбекке баулуды» оқыту теориясы мен әдістемесінен жүйелі білім беру, сабақ жүргізуге кәсіби даярлау.</p>	<p>жасау техникасы. Халықтық сәнді-қолданбалы өнер. Бейнелеу өнері негіздері. Сурет салу бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі. Мүсіндеу бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі. Жапсырмалау бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі. Құрастыру бойынша практикалық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістемесі. Бастауыш сыныптардағы көркем еңбек сабақтарын ұйымдастыру әдістемесі. «Көркем еңбек» пәні бойынша сыныптан тыс сабақтарда оқушылар әрекетін ұйымдастыру әдістемесі.</p>			<p>тәрбие теориясы, дидактика.</p>	<p>бастауыш мектепте еңбекке баулуды оқыту әдістемесінің тарихы.</p>	<p>құралдарын; дизайн негіздерін оқыту технологиясын; жұмыста пайдаланатын материалдардың қасиетін; сабақта қолданылатын еңбек құралдары мен материалдарға қауіпсіздік техникасы мен санитарлы – гигиеналық талаптарды білуі тиіс; «көркем еңбекті» оқыту әдіс-тәсілдерін; бастауыш сыныпта «көркем еңбекті» оқытуды жоспарлауды және күнтізбелік жоспар жасауды; сабақ беруді; түрлі материалдармен және еңбек құралдарымен жұмыс жасауды; сабақта қолданылатын көрнекіліктерді жасауды; оқулықтарды талдауды, пікір айтуды меңгеруі керек. Құзыреттіліктер: - оқу-тәрбие үдерісін <i>модельдей алады</i> және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға <i>дайын;</i> - балалардың әралуан әрекет түрлерін <i>ұйымдастыруға дайын;</i> - білімдік ортада субъектілердің бірлескен қызметі мен тұлғааралық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру әдістерін <i>меңгерген;</i> - кіші мектеп жасындағы оқушылардың дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін бастауыш көркемдік-эстетикалық білімнің теориялық негіздері мен практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.</p>	
	«Еңбекке баулу» теориясы мен әдістемесі	Студенттерді кіші мектеп жасындағы оқушыларға «еңбекке баулуды» оқыту барысында туындайтын оқу-тәрбие міндеттерді кәсіби	«Еңбекке баулу технологиясы» педагогика ғылымының бір саласы ретінде. Бастауыш			Педагогика, психология, педагогикалық менеджмент,	Білім берудегі жаңа тәсілдеме	ер,	Күтілетін нәтижелер: еңбекке баулудың мәні мен мақсатын; еңбекке баулуды оқыту мазмұны мен жүйесін; «еңбекке баулу» оқулығы мен оқу кешенінің

		деңгейде шешу үшін қажет болатын білім және біліктермен қаруландыру болып табылады.	сыныптардағы «Еңбекке баулу» оқу пәні ретінде. Материалдар мен еңбек әрекетіне сипаттама, бұйымдар жасау технологиясы. Халықтық сәнді-қолданбалы өнер. Ауылшаруашылық еңбегі. Бастауыш сыныптардағы еңбекке баулу сабақтарын ұйымдастыру технологиясы. Еңбекке баулудың сыныптан тыс сабақтарында оқушылар әрекетін ұйымдастыру технологиясы.			жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы, зерттеу әдістері технология.	шағын жинақты бастауыш мектептегі педагогикалық үдеріс теориясы мен технологиясы, критериялы бағалау технологиясы, педагогикалық практика	мазмұнын; техникалық еңбекке баулу технологиясын; көркем еңбекке баулу технологиясын; тұрмыстық еңбекке баулу технологиясын; дизайн негіздерін оқыту технологиясын; жұмыста пайдаланатын материалдардың қасиетін; сабақта қолданылатын еңбек құралдары мен материалдарға қауіпсіздік техникасы мен санитарлы –гигиеналық талаптарды білуі керек; - еңбекке баулуды оқыту әдіс-тәсілдерін; бастауыш сыныпта еңбекке баулуды оқытуды жоспарлауды және күнтізбелік жоспар жасауды; сабақ беруді; түрлі материалдармен және еңбек құралдарымен жұмыс жасауды; сабақта қолданылатын көрнекіліктерді жасауды; оқулықтарды талдауды, пікір айтуды менгеруі керек; Қүзіреттіліктер: бастауыш сынып оқушыларының дербестігін және шығармашылығын дамытуды қамтамасыз ететін көркемдік-эстетикалық теориялық негіздері мен практикалық әрекеттерін ұйымдастыру дағдыларын қолдана алады.
Жазуға үйрету әдістемесі	Оқушыларды жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерімен қаруландыру. Бірінші сынып оқушыларының графикалық-каллиграфиялық жазу дағдыларын қалыптастыру үдерісінің психологиялық, физиологиялық негіздерін ашу; графикалық-каллиграфиялық дағдыны қалыптастырудың орфографиялық дағдыны	«Жазуға үйрету технологиясы» оқу пәнінің мақсат, міндеттері. Жазуға үйрету тарихы. Қазіргі қазақ алфавиті. Жазу және оның түрлері. Бірінші сынып оқушыларының графикалық – каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастырудың	2	4	Қазақ тілі, қазіргі қазақ тілі негіздері	Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы, қазақ тілін оқыту әдістемесі	«Жазуға үйрету әдістемесі» курсы бойынша студенттің 1-сынып оқушыларынады графикалық-каллиграфиялық дағдыны қалыптастыру заңдылықтары; графикалық-каллиграфиялық жазу дағдысын қалыптастыру әдістемесі; графикалық-каллиграфиялық қателердің болу себебі мен оларды болдырмау тәсілдері туралы білімі болуы керек; алған теориялық білімін практикада қолдана алу біліктілігі болуы керек; студенттің	

		қалыптастырумен байланысты екенін көрсету; жазуға үйретудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін тиімді қолдана білуге үйрету; бірінші сыныптағы жазу сабақтарының дамытушылық мүмкіндіктерін ашу.	психологиялық – физиологиялық ерекшеліктері. Оқушыларды жазуға үйретудің әдіс-тәсілдері. Графикалық және каллиграфиялық қателер және оларды болдырмау жолдары. Грамматикалық тәсілдерді пайдалану өрнегі.					өзінің дұрыс каллиграфиялық жазу дағдысы болуы тиіс. Күзиреттіліктер: ана тілінде өз ойын жүйелі түрде және сауатты жеткізетін, қазақ (орыс) және шет тілінде көпшілік алдында сөйлеуде және ғылыми мәтінмен жұмыс істеуде қажетті ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын игерген;
	ШЖБМ-те математиканы оқыту әдістемесі	Болашақ мұғалімдерге шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында математиканы оқыту үдерісін ұйымдастыруға қажетті, білім, білік және дағдылар қалыптастыру. Шағын жинақты бастауыш мектеп жағдайында іс-әрекетке қажетті біліктер қалыптастыру. Пәнді оқытып үйрету барысында шағын жинақты бастауыш мектептің мән-мағынасы, оның ерекшелігі, мақсаты мен міндеттері, оқу үдерісін ұйымдастыру жайында теориялық білімдері болуы тиіс. Оқушылардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыратын сабақ және өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың дидактикалық әдіс-тәсілдерін білуі, жалпыдидактикалық әдіс-тәсілдерді, құралдарды және оқыту формаларын дұрыс таңдай білуі тиіс; әр түрлі нұсқада топтастырылған сабақты жоспарлай, өткізе	Шағын комплектілі бастауыш мектепте математиканы оқыту технологиясы оқу пәні ретінде. Шағын комплектілі бастауыш мектепте математиканы оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Шағын комплектілі бастауыш мектеп оқушыларының математикалық білім, білік және дағдыларын меңгеру барысын ұйымдастыру.			тәрбие теориясы, дидактика, кіші мектеп жасындағы оқушы физиологиясы және мектеп гигиенасы, кіші мектеп жасындағы оқушы даму психологиясы.	қызықты математика, бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы мен технологиясы.	Күтілетін нәтижелер: Пәнді оқытып үйрету барысында шағын жинақты бастауыш мектептің мән-мағынасы, оның ерекшелігі, мақсаты мен міндеттері, оқу үдерісін ұйымдастыру жайында теориялық білімдері болуы тиіс. Пәнді оқытып-үйрету барысында алынатын негізгі біліктер: - оқушылардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыратын сабақ және өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың дидактикалық әдіс-тәсілдерін білуі, жалпыдидактикалық әдіс-тәсілдерді, құралдарды және оқыту формаларын дұрыс таңдай білуі тиіс. Алынатын дағдылар: - әр түрлі нұсқада топтастырылған сабақ кестесін және күнтізбелік жоспарларды дайындай және талдай білулері тиіс. - әр түрлі нұсқада топтастырылған сабақты жоспарлай, өткізе және оларды талдай білулері тиіс. Құзыреттіліктер: ШЖБМ-тегі математика сабағының ерекшеліктері мен олардың түрлері, ұйымдастыру әдістемесі жайлы түсінігі бар; ШЖБМ-тегі оқушылардың білім,

		және оларды талдай білулері тиіс.						білік және дағдыларын бақылау, есепке алу және бағадау жайлы білімді игерген; ШЖБМ жағдайында оқушылардың математикадан өзіндік жұмыстарын ұйымдастыра және басқара алады: ШЖБМ-тегі математика сабағының түрлерін біледі; ШЖБМ-тегі біріктірілген сыныптарға арналған әр түрлі нұсқадағы математика сабағы мен сыныптан тыс жұмыстардың жоспарларын дайындап, оны өткізе және талдай алады.
	Дене мәдениеті теориясы мен әдістемесі	Студенттерді бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі саласы бойынша жұмыс атқару барысында пайда болатын қиыншылықтар мен кедергілерді кәсіби тұрғыда шешуге қажетті білімдер мен біліктерін қалыптастыру. Қазіргі қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі туындап отырған әлеуметтік тапсырысқа сай бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби тұрғыдан дайындығының жоғары болуын қамтамасыз етумен бірге теориялық негіздерін үйрету.	Дене мәдениеті теориясы мен технологиясының пәні. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың дене тәрбиесінің негіздері. Бастауыш мектептегі дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары. Дене тәрбиесін ұйымдастырудың сабақтан тыс формалары. Бастауыш мектепте негізгі қозғалыс дағдыларын оқыту технологиясы. Қимыл-қозғалыс ойындары -дене тәрбиесінің құралы. Бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі бойынша сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және оны өткізу.	2	4	Физиология, анатомия, мектеп гигиенасы, педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы, педагогика, дене шынықтыру.	педагогикалық менеджмент, тәрбие жұмысының әдістемесі, педагогика тарихы.	Күтілетін нәтижелер: дене тәрбиесінің мәні мен мақсатын; дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру технологиясының ерекшеліктерін; кіші мектеп жасындағы оқушылардың қажетті дене қасиеттерін дамыту мен олардың өмірде маңызды қимыл-қозғалыс дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыруда оқу іс-әрекетінің қолайлы тәсілдерін тиімді таңдай білуі керек; Сабақты жоспарлау, өткізу және талдаумен байланысты дидактикалық біліктіліктерін, сонымен бірге дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін басқарудың әдістемелік тәсілдерін меңгеруі керек. Құзыреттіліктер: - дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын <i>қолдана алады және</i> толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене мәдениетін жетілдіруге <i>дайын;</i> - оқу-тәрбие үдерісін <i>модельдей алады және</i> оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға <i>дайын;</i> - балалардың әралуан әрекет

								түрлерін ұйымдастыруға дайын; - кәсіби қызметінде әлеуметтік орта мен білім кеңістігіндегі тәуекелділік және қауыптіліктерді ескере отырып, денсаулық сақтау технологияларын қолдана алады.
	Бастауыш мектепте дене тәрбиесінің теориясы мен технологиясы	Студенттерді бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі саласы бойынша жұмыс атқару барысында пайда болатын қиыншылықтар мен кедергілерді кәсіби тұрғыда шешуге қажетті білімдер мен біліктерін қалыптастыру.	Дене мәдениеті теориясы мен технологиясының пәні. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың дене тәрбиесінің негіздері. Бастауыш мектептегі дене тәрбиесін ұйымдастыру формалары. Дене тәрбиесін ұйымдастырудың сабақтан тыс формалары. Бастауыш мектепте негізгі қозғалыс дағдыларын оқыту технологиясы. Қимыл-қозғалыс ойындары -дене тәрбиесінің құралы. Бастауыш сыныптарда дене тәрбиесі бойынша сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және оны өткізу.			Педагогика, психология, жас ерекшелік педагогикасы, жас ерекшелік психологиясы, жас ерекшелік физиологиясы мен мектеп гигиенасы.	Бастауыш мектепте дене тәрбиесін оқыту теориясы мен технологиясы, дене тәрбиесін оқыту әдістемесі	Күтілетін нәтижелер: бастауыш мектепте дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыру технологиясының ерекшеліктері, әдістері, міндеттері және объектісі жайлы білімі болуы керек; Төменгі сынып жасындағы оқушылардың қажетті дене қасиеттерін дамыту және олардың өмірде маңызды қимыл-қозғалыс дағдылары мен біліктерін қалыптастыру. Сонымен қатар тәжірибелік ұсыныстардың дене тәрбиесі сабағының әдістерін, құралдары мен қағидаларын білуі керек; Сабақты жоспарлау, өткізу және сараптаумен байланысты дидактикалық біліктіліктерін, сонымен бірге дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін басқарудың әдістемелік тәсілдерін меңгеруі тиіс; Күзiреттiлiктер: - дене тәрбиесі мен денсаулықты нығайту әдістері мен құралдарын қолдана алады және толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін дене мәдениетін жетілдіруге дайын; - оқу-тәрбие үдерісін модельдей алады және оқыту тәжірибесінде оны жүзеге асыруға дайын; - балалардың әралуан әрекет түрлерін ұйымдастыруға дайын; - кәсіби қызметінде әлеуметтік орта мен білім кеңістігіндегі тәуекелділік және қауыптіліктерді ескере

								отырып, денсаулық сақтау технологияларын қолдана алады.
3 курс								
Бастауыш білім берудің қазіргі педагогикалық технологиялары	Болашақ педагогтарға қазіргі заман педагогикалық технологиялары жөнінде білім беру болып табылады.	Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар оқу пәні ретінде. «педагогикалық технология» ұғымы. Технологиялық кесте және технологиялық карта. Педагогикалық технологияның түрлері. Педагогикалық технологиялардың даму динамикасы. Бастауыш білім берудің қазіргі заманғы жалпы педагогикалық технологиялары, оларға сипаттама және талдау жасау. Бастауыш білім берудегі оқytудың қазіргі заманғы педагогикалық технологиялары. Педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендіру және демократияландыру негізіндегі технологиялар. Оқыту процесін басқару және ұйымдастырудың тиімділігі негізіндегі технологиялар. Оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құру негізіндегі технологиялар. Оқушының білім деңгейін жетілдіру	3	6	Педагогика, дидактика, жас ерекшелік психологиясы.	Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесінің тарихы, математикадан дидактикалық материалдар дайындау технологиясы	Күтілетін нәтижелер: курстың объектісі, пәні мен міндеттері, зерттеу әдістері жайлы түсініктері болуы тиіс; математиканы оқыту барысында қолдануға болатын қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларға сипаттама жасап, талдай білулері тиіс; қазіргі заманғы инновациялық технологиялар мен идеялар жөнінде өзіндік бағыт бағдары болуы тиіс; белгілі бір педагогикалық үдерісті менгеруі тиіс. Қүзіреттіліктер: бастауыш сынып оқушыларының өзіндік оқырмандығын қалыптастыруда бастауыш әдебиеттік білімнің теориялық негіздері мен технологиясынан білімдерін қолдана алады;	

			технологиялары. Дамыта оқыту технологиялары.					
	Балаларды мектепке дайындығын анықтаудың психологиясы мен әдістемесі	Курс болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін шыңдауды, қазіргі диагностикалық мәселелердің теориялық негізімен қаруландыруды, оқу-тәрбие үдерісінде қаланған білімдерін қолдану іскерліктері мен дағдысын қалыптастыруды көздейді және кіші сынып оқушыларының танымдық сферасын диагностикалаудың негізгі теориялық-әдістемелік тәсілдерімен қаруландыруды көздейді.	Ақыл-ойының даярлығы. Биологиялық кемелденуі. Жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы. Ерік сапаларының қалыптасуы мен эмоционалдық даярлығы.			Жалпы психология, кіші мектеп жасындағы оқушы физиологиясы және мектеп гигиенасы	Кіші мектеп жасындағы оқушы даму психологиясы	Күтілетін нәтижелер: психологиялық және психофизиологиялық дамуының жалпы, арнайы (әртүрлі типтері) ауытқушылық мен жеке ерекшеліктерін білуі керек; әртүрлі жастағы адам әрекеті мен мінез-құлқын реттеу өзгешеліктерін есепке алу құралдарын меңгеруі тиіс; Баланы мектепке дайындауда анықтаудың психологиясы мен әдістемесін қолдануға қабілетті; баланы мектепке дайындауда анықтаудың психологиясы мен әдістемелік қабілеттілік сияқты құзыреттіліктерге ие.
